



«ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛЕСТЕРІ»

жас мамандарға арналған
НҰСҚАУЛЫҚ






Құрметті жас мамандар!

Сіздерді білім ордамыздың табалдырығын жаңадан аттаған ұстаз ретінде шын жүректен құттықтаймын! Ұстаздық – тек кәсіп қана емес, ол – өмірлік миссия, жүрек қалауы мен үлкен жауапкершілікті қажет ететін қасиетті мамандық. Бүгін сіздер еліміздің болашағы – жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде алғашқы қадамдарыңызды бастап отырсыздар.

Біздің ұжым – бір-біріне қолдау көрсететін, жаңашылдыққа ұмтылатын, тәжірибесі мол мамандардан құралған біртұтас ұжым. Сіздерге әрқашан бағыт-бағдар беруге, көмектесуге дайынбыз. Алғашқы жылы кездесетін қиындықтар мен сұрақтар – қалыпты құбылыс. Сол сәттерде сенімді серік табу, пікірлес болу өте маңызды.

Сіздерге шығармашылық табыс, кәсіби өсу, білім саласындағы биік жетістіктер тілеймін! Еңбектеріңіз жана берсін, шәкірт жүрегінен орын алатын ұлағатты ұстаз болыңыздар!

Мектеп директоры: Оразалина Дана Амангельдиновна




«Жастар – біздің келешегіміз, еліміздің болашағы. Жастардың ойы сергек, талабы биік болуы керек.»

Сәкен Сейфуллин

Жас педагог – білім беру жүйесінің болашағы. Бұл нұсқаулық сізге мектепке алғаш келгеннен бастап, табысты әрі сенімді мұғалім болуға дейінгі жолда бағыт береді. Мұнда әдістемелік, психологиялық және ұйымдастырушылық кеңестер жинақталған.

Жас маман кім? Жас маман – бұл арман мен сенімді үміттің тоғысқан жерінде тұрған тұлға. Ол – тек білім алып шыққан маман емес, сонымен бірге бойында жаңашылдыққа, дамуға деген ұмтылыс бар шығармашыл жан. Жас маман — өз ісіне шынайы берілген, шәкірт жүрегіне білім мен руханияттың шырағын жаққысы келетін адам. Мектепке енді келген жас маман әрдайым ерекше ықыласымен, тың идеяларымен ерекшеленеді. Ол ескі әдістер мен жаңа тәсілдерді ұштастырып, білім беру процесіне серпін алып келеді. Жас маманның көзіндегі жарқын мақсат пен жүрегіндегі шынайы ықылас — мектеп өмірінің жаңа парақтарын ашады. Жас маман – тек оқытушы ғана емес. Ол – шәкірт үшін бағыт-бағдар беруші, шабыттандырушы, үлгі болатын тұлға. Оның әр сөзі, әр әрекеті болашақ ұрпақтың көзқарасына, өмірлік ұстанымына әсер етеді.



АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ:



1. ЖҰМЫС ОРНЫМЕН ТАНЫСУ

- Келген күні ұйым құрылымымен, ішкі тәртіп ережелерімен танысып алыңыз.
- Жұмыс кестесін, міндеттеріңізді, жауапты тұлғаларды нақтылап алыңыз.
- Қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау талаптарын мұқият меңгеріңіз.

2. МІНДЕТТЕР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Лауазымдық нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Жетекшіңіздің тапсырмаларын дәл әрі уақытында орындауға тырысыңыз.
- Өз жұмысыңызға жауапкершілікпен қараңыз.

3. ҚҰЖАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

- Қажетті құжаттарды дұрыс толтыруды үйреніңіз (есеп, өтініш, акт т.б.).
- Электронды жүйемен жұмыс істеуді меңгеріңіз
- Құжаттарды сақтауда тәртіп пен құпиялылықты сақтаңыз.

4. КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ҰЖЫММЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

- Әріптестермен сыпайы, ілтипатты болыңыз.
- Көмек сұраудан қорықпаңыз – бұл әлсіздік емес, үйренуге деген ұмтылыс.
- Жетекшіңіздің, тәлімгеріңіздің кеңесіне құлақ асыңыз.

5. ҮЗДІКСІЗ ДАМУ

- Жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге талпыныңыз.
- Тренингтерге, семинарларға, курстарға қатысыңыз.
- Өз салаңыздағы жаңалықтарды қадағалап отырыңыз.

6. УАҚЫТТЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ

- Міндеттеріңізді жоспарлаңыз.
- Уақытты үнемдеп, басымдық беруді үйреніңіз.
- Уақытында келіп, кешікпеуге тырысыңыз.





ПЕДАГОГТЕРДІҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУІ

- ✓ Жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары;
- ✓ Тәлімгерлер жұмысы;
- ✓ Ашық сабақтар беру, қоғамдық іс-шарларға қатысу;
- ✓ Педагогикалық ұжымға психологиялық бейімделу;

«Адам өмірінің мәні – өзіңді үнемі жетілдіру мен өзгеріске бейім болуда.»



НОРМАТИВТІК–ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

№	Атауы Название	Кілтті сөздер Ключевые слова	ЖҮКТЕУ СКАЧАТЬ	
			қазақша	орысша
1	Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III.	Білім Образование		
2	Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. О статусе педагога Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI ЗРК.	Педагог мәртебесі Статус педагога		
3	Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы О некоторых вопросах педагогической этики Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 11 мая 2020 года № 190.	Әдеп Этика		
4	"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. Об утверждении национального проекта "Качественное образование" "Образованная нация" Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726.	Білімді ұлт Образованная нация		



САЙТТАР

№	Ұйым	Сілтеме
1	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі	https://www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=ru
2	Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы	https://uba.edu.kz/qaz
3	«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы	https://daryn.kz/darynkz/
4	Педагогикалық шеберлік орталығы	https://cpm.kz/ru/

Платформа	Қызметі	Платформаның қысқаша мазмұны
sdo.cpm.kz	ҚР педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу платформасы	• Курстардың оқу әдістемелік кешені (таныстырылымдар, оқуға арналған ресурстар, видео) • Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау (тапсырмалар, тестілер, тренердің кері байланысы) • Оқу үдерісін басқару құралдары (тыңдаушының белсенділігін мониторингілеу, қатысу журналы) • Валидтілігін тексеру үшін QR-коды бар электрондық сертификаттарды генерациялау. • Интернет эквайринг арқылы төлем қабылдау
online.cpm.kz	ҚР педагогтерін кәсіби әдістемелік қолдауға арналған платформа	• ЖАОК, авторлық курстар, вебинарлар • Онлайн курстар каталогі, бағыттар бойынша курстарды таңдау сүзгісі. • Педагогті оқыту үшін жеке қажеттіліктерді анықтау мақсатында PROF-гид (ұсыныстар бере отырып) • Әдістемелік құралдар мен журналдардың интернет дүкені



ТӘЛІМГЕР – СІЗДІҢ БАҒЫТ КӨРСЕТУШІҢІЗ

- **СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ**

Алғашқы қадам — тәлімгермен ашық, сенімді және өзара құрметке негізделген қарым-қатынас орнату. Тәлімгерге өз сұрақтарыңызды қою, көмек сұрау және өз тәжірибеңізбен бөлісу маңызды.

- **ТӘЖІРИБЕЛІ МҰҒАЛІМНІҢ КЕҢЕСТЕРІН ТЫҢДАУ**

Тәлімгердің кеңестері мен ұсыныстарын қабылдай отырып, жетілдіру жолдарын қарастырыңыз. Олар сіздің кемшіліктеріңізді көріп, оларды түзетуге көмектеседі.

- **ӨЗІҢІЗДІ ДАМЫТУ ЖОСПАРЫН ҚҰРУ**

Тәлімгерден алынған кеңестер негізінде кәсіби даму жоспарын жасаңыз. Әр кезеңде өз мақсаттарыңызды айқындап, тәжірибеден өту үшін жүйелі түрде жұмыс жасаңыз.

- **ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ТАЛҚЫЛАУ**

Тәлімгермен сабақ өткізу әдістері мен тәсілдерін бірге талқылап, оларды практикада қолдануды үйреніңіз. Тәлімгеріңіз сабақты жүргізудің тиімді жолдарын көрсетеді.

- **ҚАТЕЛІКТЕРДЕН САБАҚ АЛУ**

Тәлімгеріңіздің қателіктеріңізді көрсетіп, оларды қалай түзету жолдарын көрсетуін сұраңыз. Қателіктерден қорықпай, оларды жақсарту үшін қолдануға тырысыңыз.

- **ТӘЛІМГЕРДІҢ САБАҒЫН БАҚЫЛАУ**

Тәлімгердің сабағын бақылап, оның әдіс-тәсілдерін, қарым-қатынасын және оқушылармен жұмысын байқап көріңіз. Бұл сізге жаңа тәжірибе мен білім береді.

- **РЕФЛЕКСИЯ ЖҮРГІЗУ**

Әр сабақтан кейін тәлімгермен бірге рефлексия жүргізіңіз. Сабақтың қалай өткенін, не жақсы болғанын және қандай жақсартулар енгізуге болатынын

ОҚУШЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – СЕНІМНІҢ БАСТАУЫ

СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

Оқушының пікірін тыңдау, оны құрметтеу.
Әр оқушымен жеке тұлға ретінде сөйлесу.

ЭМОЦИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАУ

Дауыс көтермей, сабырлы әрі байсалды сөйлеу.
Көзқарас, ишара арқылы дұрыс бағыт беру.

ТАЛАП ҚОЮ МЕН ҚОЛДАУ АРАСЫНДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУ

Белгілі бір тәртіп ережелерін анық және әділ түрде
орнату. Әрбір жетістігін көріп, қолдау білдіру.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ДАМУ

Оқушыларға өз іс-әрекетінің салдарын түсіндіру.
Мәселені бірге шешуге тарту.

ҮЛГІ БОЛУ

Өз іс-әрекетіңізбен, мінез-құлқыңызбен оқушыға
үлгі болу. Әдептілік, әділеттілік, төзімділік
көрсету.

КӨҢІЛ БӨЛУ ЖӘНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ТАНЫТУ

Оқушының көңіл-күйін байқау және оған
уақытында қолдау көрсету. Әр оқушының жеке
қызығушылығы мен қабілетін ескеру.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУ

Әр оқушының ерекшелігін, қабілетін ескеру. Тек
үлгерімге емес, адами қасиеттеріне де мән беру.

ҚАТАҢДЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІКТІ ҮЙЛЕСТІРУ

Талап қою кезінде әділ әрі байсалды болу. Қателескен
кезде кінәламай, дұрыс жолды көрсету.

ҮЗДІКСІЗ ҚОЛДАУ МЕН БАҒЫТ БЕРУ

Оқушылардың күш-жігерін байқап, оларды мадақтау.
Тәрбиелік сәттерді күнделікті жұмыстың табиғи
бөлігіне айналдыру.





МЕКТЕП ҰЖЫМЫ: ҚОЛДАУ ТАБУ, КӨМЕК СҰРАУ, ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

• **ҚОЛДАУ ТАБУ ЖӘНЕ БІР-БІРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ**

Қиындық туындағанда өз әріптестеріңіздің көмегіне жүгіне білу. Жұмыс барысында туындаған мәселелерді бірге шешу.

• **КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ СЫН ҚАБЫЛДАУ**

Өз жұмысыңызды әріптестеріңізге көрсетіп, олардың пікірін тыңдау. Құрылымдық сыннан қорықпау, оны даму үшін пайдалану.

• **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖАСАУ**

Бірлескен сабақтар немесе іс-шаралар ұйымдастыру. Командалық жұмыс арқылы оқушыларға жақсы әсер қалдыру.

• **ӘДЕПТІЛІК ПЕН СЫЙЛАСТЫҚ**

Әріптестермен ашық әрі сыпайы қарым-қатынас орнату.

Бір-бірінің пікірін құрметтеу және түсіністікпен қарау.

• **КӘСІБИ ДАМУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУ**

Бір-біріңізден жаңа әдістер мен тәсілдер туралы ақпарат алып, кәсіби даму мүмкіндіктерін бірге іздеу. Мектепте ұйымдастырылатын тренингтер мен семинарларға бірге қатысу.

• **МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Әріптестеріңіздің жұмысын бағалау, оларды мақтап, мотивация беру. Қиын кезеңдерде моральдық қолдау көрсету.



ҚҰЖАТ – ЖӘЙ ҚАҒАЗ ЕМЕС, СІЗДІҢ КӘСІБИ БЕДЕЛІҢІЗ

- **ҚҰЖАТТЫ МҰҚИЯТ ӘРІ САУАТТЫ ТОЛТЫРУ**

Құжаттарды ұқыпты жазу, орфографиялық қателерге жол бермеу. Әр құжаттың мазмұны нақты, түсінікті және дұрыс құрылымдалған болуға тиіс.

- **ҚҰЖАТТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ**

Мектептің немесе білім мекемесінің ішкі талаптарына сәйкес құжаттарды рәсімдеу. Әр құжаттың өз орны мен мағынасы бар екенін түсініп, дұрыс форматта ұсыну.

- **ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ МЕН ТОЛЫҚТЫҒЫ**

Құжатта көрсетілген ақпараттың шынайы және нақты болуы. Құжаттың мазмұнын тексеріп, қателер мен сәйкессіздіктерден аулақ болу.

- **ҚҰЖАТ ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІН РЕТКЕ КЕЛТІРУ**

Құжаттарды дұрыс сақтау және оларды қажетті уақытта оңай табуға мүмкіндік беру. Құжаттар мен жазбаларды жүйелі түрде реттеп, сақтау тәртібін енгізу.

- **ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

Құжаттардың нәтижелерін уақытында талдау, бағалау және кері байланыс беру. Құжат арқылы бала үлгерімін, оқу процесін бақылап, тиімді өзгерістер енгізу.

- **КӘСІБИ БЕДЕЛДІ АРТТЫРУ**

Құжаттарды сауатты жүргізу арқылы өзіңізге деген сенімділікті арттыру. Әр құжатты кәсіби деңгейде рәсімдеу арқылы өз беделіңізді нығайту.





КӘСІБИ ӨСУ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС

КІТАП ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТПЕН ТАНЫСУ

Кітаптар — мұғалімнің ой-өрісін кеңейтетін және оның кәсіби қабілеттерін шыңдайтын үлкен ресурс. Әр жаңа кітап — жаңа көзқарас, жаңа әдіс және жаңа шешімдерге апарады. Әр салада терең білімге ие болу арқылы мұғалім өз жұмысында жоғары нәтиже көрсете алады.

ОНЛАЙН КУРСТАР МЕН СЕМИНАРЛАРҒА ҚАТЫСУ

Қазіргі технологиялар мұғалімдерге өз білімін онлайн платформалар арқылы жаңартып, жетілдіруге мүмкіндік береді. Жаңа әдіс-тәсілдер мен педагогикалық жаңалықтарды білу — мұғалімнің тиімді жұмыс істеуінің кепілі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮРҒЫДА ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫ ҰСТАНУ

Креативті ойлау, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, сабақтарды жаңаша форматта өткізу — мұғалімнің негізгі дағдысы. Сабақтарды қызықты әрі заманауи құралдармен өткізу оқушылардың белсенділігін арттырады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАУ

Өз пәнін терең меңгеру, оқушылармен жұмыс жасаудың жаңа тәсілдерін меңгеру — мұғалімнің басты мақсаттарының бірі. Педагогикалық шеберлік әрдайым даму үстінде болады, себебі әр күн жаңа білім мен тәжірибені талап етеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Мұғалім тек пән оқытушысы ғана емес, қоғамның белсенді мүшесі. Әлеуметтік дағдыларды жетілдіре отырып, мұғалім оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната алады.

ШЕТ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ КӨЗҚАРАС

Әр түрлі тілдерді білу және басқа елдердің білім жүйесімен танысу мұғалімнің әлемдік деңгейдегі білім алуға жол ашады. Халықаралық тәжірибе оқыту тәсілдерін байытып, білімнің сапасын арттырады.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИЯ

Өзін-өзі бағалау — мұғалімнің дамуының маңызды бөлігі. Әр сабақтан кейін өз жұмысын талдап, жетістіктер мен қателіктерді бағалап, олардан сабақ алу — мұғалімнің кәсіби өсуін қамтамасыз етеді.

**ӘР МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ — КЕЛЕШЕК ҰРПАҚТЫҢ
ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНА САЛЫНҒАН НЕГІЗ**



KUNDELİK.KZ — БІЛІМ МЕН ТӘРТІПТІ БАСҚАРУДЫҢ САНДЫҚ ӘЛЕМІ

- **ПЛАТФОРМАМЕН ТАНЫСУ**

Ең алдымен, kundelik.kz жүйесінің интерфейсін толық түсініп, негізгі бөлімдермен танысыңыз. Платформадағы әр бөлімнің (оқушыларды енгізу, сабақ жоспарлары, бағалау, үй тапсырмасы) қалай жұмыс істейтінін біліп алыңыз.

- **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕРЕКТЕРІН ЕНГІЗУ**

Оқушылардың аты-жөнін, сыныптарын және басқа да қажетті мәліметтерді жүйеге дұрыс енгізу. Бұл мәліметтер кейін сабақ кестесін, бағалауды және кері байланысты дұрыс жүргізуге көмектеседі.

- **САБАҚ ЖОСПАРЫН ҚҰРУ**

Сабақтың мақсаты, әдісі, ресурстар және бағалау критерийлерін енгізу. Бұл сіздің сабақтарыңызды құрылымды әрі түсінікті етіп жасауға мүмкіндік береді.

- **БАҒАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЕНГІЗУ**

Оқушылардың бағаларын әр сабақтан кейін уақытында енгізіп, олардың оқу үлгерімін бақылайсыз. Бұл ата-аналармен немесе оқушылармен кері байланыс үшін де маңызды.

- **ҮЙ ТАПСЫРМАЛАРЫН БЕРУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ**

Үй тапсырмаларын kundelik.kz арқылы беру. Оқушылардың тапсырмаларды қалай орындағанын қадағалап, нәтижелерін бағалау.

- **АТА-АНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫС**

Платформа арқылы ата-аналармен үнемі байланыста болыңыз. Оқушылардың оқу үлгерімі мен тәртібі туралы ақпаратты уақытында беру маңызды.

- **ОҚУШЫНЫҢ ҚАТЫСУЫН БАҚЫЛАУ**

Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылап, жүйеге енгізу. Бұл олардың сабаққа қатысу деңгейін қадағалауға көмектеседі.

- **ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ЖАСАУ**

Оқушылардың сабақты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін жиынтық бағалауды енгізу. Бұл оқушының даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.



СІЗ – ТЕК МҰҒАЛІМ ЕМЕССИЗ, СІЗ – ШАМ ЖАҒУШЫСЫЗ

• ӘР БАЛАДАН ҮМІТ КҮТІҢІЗ

– Әр оқушының мүмкіндігі бар екеніне сеніңіз, сенім – ең үлкен күш.

• ОҚУШЫНЫ ТЫҢДАҢЫЗ ЖӘНЕ ТҮСІНІҢІЗ

– Шынайы тыңдау арқылы оқушының жан дүниесіне жол табасыз.

• КІШКЕНТАЙ ЖЕТІСТІКТІ ДЕ БАҒАЛАҢЫЗ

– Әрбір алға басқан қадамды мақтап, шабыт беріңіз.

• САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӘРІ ЖАНДЫ ӨТКІЗІҢІЗ

– Құрғақ білім емес, өмірмен байланыстыра отырып сабақ беріңіз.

• ТЕК АҚЫЛ ҮЙРЕТПЕЙ, ҮЛГІ БОЛЫҢЫЗ

– Сіздің іс-әрекетіңіз – оқушы үшін ең мықты тәрбие.

• МЕЙІРІМ МЕН ТАЛАПТЫ ТЕҢ ҰСТАҢЫЗ

– Қатаң талап пен шынайы қамқорлықты үйлестіріңіз.

• ӘР ОҚУШЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ЕКЕНІН ҰМЫТПАҢЫЗ

– Әр бала өзін маңызды сезінуі керек.

• ЖАҒЫМДЫ АТМОСФЕРА ЖАСАҢЫЗ

– Сабақта сенімге, сыйластыққа негізделген орта қалыптастырыңыз.

• ӨЗІҢІЗГЕ ДЕ, ОҚУШЫҒА ДА ӨСУГЕ МҮМКІНДІК БЕРІҢІЗ

– Үнемі өзіңізді дамыту және оқушылардың да дамуына жол ашу.

• ЖАСАҒАН ӘР ІСІҢІЗ МАҒЫНАЛЫ ЕКЕНІН ЕСКЕ САҚТАҢЫЗ

– Бүгінгі берген шабытыңыз – ертеңгі үлкен жетістіктердің бастамасы.



КЕРІ БАЙЛАНЫС – СЕНІҢ ӨСУІҢНІҢ АЙНАСЫ

- **ПІКІРДІ АШЫҚ ҚАБЫЛДАУ**

– Әр кері байланыс – тәжірибе мен шеберлікті арттыруға мүмкіндік.

- **ТЕРІС ПІКІРДЕН ҚОРЫҚПАУ**

– Сын естісеңіз де, оны жеке қабылдамай, сабақ ретінде қараңыз.

- **ОҚУШЫНЫҢҒҰНІҢ ЕСТУ**

– Оқушылардың ұсыныстары мен тілектерін ескеріп, сабағыңызды жақсартыңыз.

- **ӘРІПТЕСТЕРМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ**

– Әріптестерден кері байланыс сұрап, әдістемеңізді толықтырыңыз.

- **ӨЗ ЖҰМЫСЫҢЫЗДЫ ҮНЕМІ САРАЛАУ**

– Әр сабақтан кейін өзіңізге сұрақ қойыңыз: не жақсы шықты, нені жақсартуға болады?

- **КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ СҰРАНЫП АЛУ**

– Кейде пікірді өзіңіз белсенді түрде сұраңыз. Бұл кәсіби өсуге ықпал етеді.

- **ТЫҢДАЙ БІЛУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ**

– Кері байланысты тыңдағанда қорғауға ұмтылмай, түсінуге тырысыңыз.

- **ӨЗІҢІЗ ДЕ КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУДІ ҮЙРЕНІҢІЗ**

– Әділ, нақты, ізгі ниетпен айтылған пікір өзгелерді де өсіреді.

- **АЛЫНҒАН ПІКІРЛЕРДІ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ**

– Тек тыңдап қана қоймай, нақты қадамдар жасап, дамуға ұмтылыңыз.

- **КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ**

– Әр пікір – сіздің кәсіби деңгейіңізді жаңа сатыға көтеретін баспалдақ екенін есте сақтаңыз.

Қиын оқушымен емес, қиын жағдаймен жұмыс істе

- **ОҚУШЫНЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУ**

– Оқушыны "қиын" деп таңбалаудан аулақ болу, оның бойындағы жақсы қасиеттерді көруге тырысу.

- **МӘСЕЛЕНІҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАУ**

– ✕Қиындықтың✕түп-тамыры✕неде✕екенін✕зерттеу: отбасылық✕жағдай, ✕психологиялық✕көңіл-күй, түсінбеушілік т.б.

- **ТІЛ ТАБЫСУҒА ҰМТЫЛУ**

– Ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатып, баланың өзін тыңдатып үйрету.

- **САБЫР МЕН ТӨЗІМДІЛІК САҚТАУ**

– Эмоцияға берілмей, әр жағдайда сабырмен жауап қату.

- **ПРОБЛЕМАНЫ БІРГЕ ШЕШУ**

– Оқушымен бірге қиындықты шешуге жол іздеу, оған жауапкершілік сезімін беру.

- **КІШІГІРІМ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ НАЗАР АУДАРУ**

– Баланың әрбір жақсы қадамын байқап, мадақтау арқылы ынталандыру.

- **ИКЕМДІ ТӘСІЛДЕР ҚОЛДАНУ**

– Әр оқушыға жеке тәсіл тауып, әдіс-тәсілдерді түрлендіру.

- **ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

– Оқушының жан дүниесіне үңіліп, оның ішкі жан айқайын есту.

- **ӘРІПТЕСТЕР МЕН ПСИХОЛОГПЕН КЕҢЕСУ**

– Қажет кезде мектеп психологынан немесе тәжірибелі әріптестерден көмек сұрау.

- **ӨЗІҢІЗДІ ҮНЕМІ ДАМЫТЫП ОТЫРУ**


– Қиын жағдайларды дұрыс басқару үшін өзіңіздің педагогикалық шеберлігіңізді арттыру.



mektep@33.edu.kz



Ресми сайт: 33.edu.kz



+7 701 274 2207

